ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 18 желтоқсан №2301-24-00-2/3342 іс Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья О.Ш.Даурешова
сот отырысының хатшысы Д.Ш.Исмаилованың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Курбан» Мирас Талипбайұлы Курбан

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшы өкілі С.Максотова

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 1 тамызда мемлекеттік сатып алудың қорытындылары негізінде тараптардың арасында мемлекеттік сатып алу туралы №ГЗ-467 келісім-шарт жасақталған (бұдан әрі – Шарт).

Шарттың ажырамас бөлігі 1-қосымшасына сәйкес жауапкер талап қоюшыға «10 дана ернемек болат, тегіс дәнекерленген, диаметрі 151-300 мм» тауарын жеткізуге міндеттенген.

Шарттың сомасы – 139 490 теңге, жеткізу мерзімі – тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 9 қазанға дейін.

Шарт бойынша алынған міндеттемелер орындалмай, тауар жеткізілмеген.

Талап қоюшы сотқа талабын жолдап, шарттың талаптары мүлдем орындалмағанын, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрады.

Талап қою арызға қарсы пікір ұсынылмады.

Сот отырысында жауапкер қатыспады. Сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарланған, алайда сотқа қатыспай және істі өзінің қатысуынсыз қарауды сұрамаған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі - АПК) 196-бабының 4-бөлігі негізінде азаматтық іс жауапкердің қатысуынсыз қаралды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – АК) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, АК-нің 272-бабының талабына сәйкес: міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда-іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сатып алу туралы Заңының (келесіде – Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көрсетілген жағдайларда, тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Сотта анықталғандай, 2024 жылғы 9 қыркүйекте талап қоюшымен жауапкерге тауарды жеткізу туралы электрондық портал арқылы өтінім берілген.

Шарттың №1-қосымшасына сәйкес тауарды жеткізу мерзімі тапсырыс берушінің өтінімі бойынша 30 күнтізбелік күн ішінде, яғни 2024 жылғы 9 қазанға дейін.

Алайда, сот отырысында анықталғандай жауапкер талап қоюшыға «10 дана ернемек болат, тегіс дәнекерленген, диаметрі 151-300 мм» тауарын шартта көрсетілген мерзімде жеткізбеген.

Талап қоюшы сот отырысында жауапкер тарапынан шарттың міндеттемелері шартта көрсетілген мерзімде орындалмай, нәтижесінде талап қоюшы үшін жағымсыз салдар пайда болғанын айтты.

Құжатқа қол қойылған: Дәуешова О. Ш., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.01.2025, судья Дәуешова О. Ш., 30.01.2025

Бұл жағдайда, талап қоюшының жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы сотпен негізді деп танылады.

АПК-тің 117-бабына сәйкес жауапкерден мемлекет кірісіне 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Атырау облысы Су Арнасы» КМК «Атырау облысының энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасы» мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Курбан» Мирас Талипбайұлы Курбанды мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Курбан» Мирас Талипбайұлы Курбан мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Курбан» Мирас Талипбайұлы Курбаннан мемлекет кірісіне 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде беруі мүмкін.

Судья О.Ш.Даурешова

Құжатқа қол қойылған: Даурешова О. Ш., 25.12.2024

Заңды күшіне енген күні: 27.01.2025, судья Даурешова О. Ш., 30.01.2025